

Алматы облысы, Балқаш аудандық білім бөлімінің «Бірлік орта мектебі»  
мемлекеттік коммуналдық мекемесіндегі психологиялық қызметінің  
2021-2022 оқу жылындағы жүргізілген жұмыстарының

Талдау есебі

«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесіндегі мектеп психологы ретінде ата-аналармен, мұғалімдермен, оқушылармен бірлесіп жұмыс жүргізудегі мақсатым: «Оқушылардың бойындағы ерекшеліктерді, қабілеттерді зерттей отырып, ішкі жан дүниесін түсіне білуге, өз ойын еркін бөлісе алуға жол таба білуге тәрбиелеу». Міне, осы мақсатты жүзеге асыруда жыл бойында мектептегі психологиялық қызметтің жұмыс жоспары бекітіліп, төмендегі жұмыс түрлері іске асырылды.

**Психологиялық қызметтің мақсаты:**

Білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

**Міндеті:**

- 1) Білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- 2) Білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуы жағдайында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- 3) Білім алушылардың тұлғасын психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тұрғыдан ықпал ету;
- 4) Психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- 5) Психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;

6) Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету;

7) Білім беру үдерісі қатысушыларының психологиялық-педагогикалық күзінділігін көтеру.

**Атқарылған жұмыстың негізгі бағыттары:**

1. Диагностикалық бағыт

Мақсаты: Сынып ұжымын зерттеу.

2. Түзету-дамытушылық бағыт

Мақсаты: Тұлғаның психологиялық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау.

3. Профилатикалық және психологиялық бағыт

Мақсаты: Мектеп педагогтарына, ата-аналарға, оқушыларға психологиялық кеңес беру, қолдау көрсету.

4. Консультациялық бағыт

Мақсаты: Педагогикалық ұжым, оқушыларға, ата-аналарға кеңес бере отырып, бала тәрбиесіне, жеке өтініштері бойынша кеңес беріп, психологиялық көмек көрсету

Мектеп педагогтарына, ата-аналарға, оқушыларға психологиялық кеңес беру, қолдау көрсету.

5. Ұйымдастыру-әдістемелік бағыт

Мақсаты:

**Мектептегі психологиялық жұмыс бөліктері.**

- Оқушымен жұмыс.
  - Мұғалімдермен жұмыс.
  - Әкімшілікпен жұмыс.
  - Үлгерімі төмен оқушымен жұмыс.
  - Дарынды оқушымен жұмыс.
  - Қорытынды аттестаттау мен ҰБТ-ге дайындық жұмыстары.
- Осы аталған 5-бағыт бойынша мектепте психологиялық қызмет жүргізілуде.

қыркүйек айынан бастап, I-II сынып оқушыларының ата-аналарынан мектеп психологының баламен жұмыс жасауына рұқсат беретін ата-анамен жасалатын келісім алу, мүмкіндігі шектеулі оқушыларды анықтау (үйден оқитын оқушы), сәтсіз отбасы балаларын анықтау МАД және I сыныпқа қабылданған оқушылардың іс- қағаздарымен танысу, контингентін зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Мектебіміздегі 2021-2022 оқу жылында қабылданған 350 оқушы оқиды.

Мектебімізде биылғы оқу жылында 3 оқушы үйден оқытылады

Үйден оқитын оқушымен жүргізілген жұмыстар:

8-сынып оқушылары Самғатұлы Жарқын, Ермекұлы Наурызбай және 9- сынып оқушысы Адилхан Сайран.

Қыркүйек айында мектепке дайындалды даярлық топтарынан (I,II) « Логикалық ойлауды дамыту» тапсырмалары алынды.

Мақсаты: Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Тапсырма: Оқушыларға бірнеше суреттер топтамасы көрсетілді. Суретте не артық екендігі сұралды. Суреттегі артық затты алу арқылы оқушылар бір сөзбен сол суретті ағау керек. Суретте аяқ-киімдер мен шұлық бейнеленген.

Нәтижесінде: оқушылар суретте аяқ-киім мен шұлықтың бейнеленгенін айтып өтті.

**1 (ә а) сынып , оқушыларынан «суретті әңгімелеу» әдістемесі алынып, қорытындысы шығарылды**

**Мақсаты:** Баланың ақыл-ой даму деңгейін және оның оқуға дайындығын анықтау..

**Нұсқау:** балаға көрсете отырып сұраймыз: Ал енді, суретте не салынғанын және ондағы балалар не істеп жатқаны жайлы айтып берші..

**Нәтижені бағалау:** барлық оқушылар суретті жақсы әңгімелеп берді.

**Ұсыныс:** Оқушыларға үйде ертегілер, кітаптар, ақыл-ойды дамытатын ойындармен жұмыс істеу ұсынылды.

**Сауалнаманың мақсаты:** - Қазақстан Республикасындағы балалардың құқықтық қорғалу жағдайын бағалау. Міндеті – сіздің өз құқықтарыңыз бен міндеттеріңіз туралы қаншалықты хабардар екеніңізді және күнделікті өмірде пайдаланатыныңызды анықтау

**Қатысқан оқушылар саны:- 88 оқушы**

**Қатысқан ата-ана саны: 22 ата-ана**

**Өткізілген уақыты: 27.10.2021 ж**

**Сауалнама тақырыбы:** «Білім алушыларға арналған»

**Қолданылған әдістеме:** Арнайы дайындалған сауалнамалар

**Қолданылған сауалнама түрі:**

**Сауалнама ата-аналармен,оқушыларға арналған.**

**Қорытынды:** Сауалнамаға қатысқан ата-аналар мен оқушылардың қамқоршылары толықтай қарсы болмады.Сауалнамаға 10 мен 55 жас шамасында ата-анамен,оқушы қатысты.Сауалнамаға қатысқандардың 75,7 % әйелдер 24,3% ер адам қатысты. 46,8%, 5-8 сыныптардан ,9-11 сыныптардан 28,8%, ата-аналар 24,3% жауап берді.Барлық сауалнамаға қатысқан қатысушылар толықтай ата-аналарымен бірге тұратыны білгілі болды. 82,9% сауалнамаға қатысушылар өз құқықтарын білетінін 15,3% қатысушы кейбіреуін білетінін белгілеген.Баланың құқықтары шектеуліме деген сұраққа? - 49,5% баланың құқықтары ата-ананың қалауы бойынша шектеулі десе, 44,1% ҚР заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда,баланың құқықтары шектелуге болмайды.6,3% баланың құқықтары кез-келген ересек адаммен шектелуі мүмкін деп белгіледі. Баланың тұрғын үйге құқығы барма деген сұраққа. 87,4% ия ,12,6% жоқ деп белгіледі.Білім құқық ба па міндет пе деген сұраққа? Құжык 17,1%, міндет 19,8% ,екеуде 63,1% деп белгіледі.Бала қай жастан жұмыс істеуге құқылы деген сұраққа 65,8% 18 жастан,14,4% кез келген жастан,17,1% 16 жастан деп белгіледі.Баланың демалуға және бос уақытын өткізуге құқығы барма деген сұраққа , барлығы бір ауыздан ия деп белгіледі.Сіздің құқықтарыңызды кім жиі бұзады? 52,3% басқа деп, 22,5% өзгелерден,17,1% сыныптастардан деп белгіледі.Құқықтарыңыз бұзылған жағдайда кімге жүгінесіз деген сұраққа?- 324% ешкімге емес деп, 8,1% полицияға, 50,5% ата-анамызға деген жауа берген.Құқықтарыңыз туралы көбірек білгіңіз келеді ма ? 86,5% ия,8,1% жоқ,5,4% айту қиын деген жауапты белгілеген.Құқықтарыңыз туралы ақпарат алудың ең ыңғайлы әдісі? – интернет,ватсап, кітап,мектепте,әлеуметтік желі деген жауаптар көп болған.

**1а, ә сынып, оқушыларынан «не жоғалды?» әдістемесі алынып,қорытындысы шығарылды**

**Барлығы: 38**

**Қатысқаны :38**

**Қатыспағаны : 0**

**Мақсаты:** оқушының жылдам қабылдай алуы мен байқағыштығын дамыту.

**Әдістеме** 1 тапсырмалар туралы:

**Нұсқау:** екінші суретте не жоғалғанын тап.

**Нәтижені бағалау:** 1 а,ә сынып оқушыларының қабылдауы мен байқағыштығы қалыпты екені анықталды.

**Сауалнаманың мақсаты:** суицидтің алдын алу

**Қатысқан оқушылар саны:** - 12

**Өткізілген уақыты:** 13.10.2021 ж

**Сауалнама тақырыбы:** «мен өмірді қалаймын».

**Қолданылған әдістеме:** Арнайы дайындалған сауалнамалар

**Сауалнама:** 11 сынып оқушыларына арналған.

Ата-ананызбен татусыз ба? – 10 оқушы иә, 2 оқушы кейде келіспеушілік болады деп жауап берген.

Сіз суицид (өзі-өзіне қол жұмсау) туралы ойладыңыз ба? – 10 оқушы жоқ маған осы өмірде жақсы десе, 2 оқушы бұрын ойладым, бірақ басқа амалын таптым деген.

Егер досыңыз өзі-өзіне қол жұмсау туралы айтса, қандай шара қолданасыз? - 9 оқушы жан досыммен сырласамын, 2 оқушы психологқа апарамын, 1 оқушы күлемін, шындық ретінде қабылдамаймын деп жауап берген. Суицидке икемі бар адамға қандай психологиялық жәрдем көрсету керек? – 6 оқушы оған шерін тарқатуға мүмкіндік беру керек, 3 оқушы білмеймін, 3 оқушы психологқа апару керек деген. Егер өмірден түңіліп, амал таба алмайтын жағдайға қалсаң, не істер едің? – 7 оқушы жан досыммен сырласамын, 3 оқушы ата-анама шер тарқатамын, 2 оқушы психологқа барамын.

Жастар озыне қол жұмсайды, өйткені? - 9 оқушы ҰБТ ден құлады немесе алтын белгіні ақтай алмады, 3 оқушы жауапсыз махаббат деп белгілеген.

**Оқушыларға қандай жағдай болмасын , тек жақсылық ойлау керек екені, ҰБТ дан өте алмай ,қазіргі кезде жақсы жетістікке жеткен адамдар жайында айтылды. ҰБТ мен өмір тоқтап қалмайтыны , адам әрекет етсе, қалаған мақсатына жетуге болатыны түсіндірілді. Суицид шешім емес екені, тек алға жүру керек екені айтылды. Ондай ойларға тап болмау үшін ,көп жалғыз қалуға болмайтыны, жалғыз қалған жағдайда айналысатын іс тауып алу керек екені айтылды.**

**7 сынып оқушыларынан «Мектепте маған не ұнайды» әдістемесі алынып, қорытындысы шығарылды**  
**Барлығы: 39**

**Қатысқаны :35**

**Қатыспағаны : 4**

**Мақсаты:** Оқушылардың мектептегі оқуға мотивациясын анықтау

Оқушыларының мектеп мотивациясын тексеруге арналған әдістеменің екінші тапсырмасы оқушыларға "Мектепте маған не ұнайды?" деген тақырыпта сурет салу тапсырылады.

1. Мотивациясы дамымаған, мектеп мотивациясы жоқ, бірақ та оқушының ойын және басқа мотивтері басым. Мұндай жағдайда оқушылар машинаны, әскери әрекеттегі ойыншықтарды, оюларды және т.б. суреттерді бейнелейді;
2. Балалық негативизм, оқушы мектеп тақырыбында сурет салудан бас тартып, өзі жақсы көріп салатын суретін бейнелейді, мұндай мінез-құлықты оқушының талаптану деңгейі жоғары және мектеп талаптарына қиындықпен бейімделуін көрсетеді;
3. Тапсырманы түсінбеу немесе дұрыс қабылдамау, оқушылар ешнәрсе салмаса немесе басқа оқушының берілген тапсырмаға қатысты емес суретін көшіріп салса, онда бұл жағдай психикалық дамуы артта қалған балаларға қатысты. Мұндай жағдай 0 баллмен бағаланады.

Осы тест бойынша жүргізілген зерттеу 1 балаланың мотивациясы оқумен байланысты емес, Мотивациясы дамымаған, мектеп мотивациясы жоқ, бірақ та оқушының ойын және басқа мотивтері басым.Сынып жетекшісіне ескертіліп,алдағы уақытта біріккен түрде жұмыстар жүргізіледі.

**10 сынын оқушыларынан «мамандық таңдаудағы негізгі мотивтер» атты психолог кеңесі берілді.**

**Барлығы: 22**

**Қатысқаны :22**

**Қатыспағаны : 0**

**Мақсаты:** Оқушыларға мамандық таңдауда қандай мотивтер әсер етегін,ондай жағдайларда қалай әрекет ету керек екені түсіндірілді.Қаламаған мамандықта оқыса,түбінде қандай нәтиже беретіні,адамдардың ойын тындап өзі шешім қабылдау қаншалықты дұрыс екені түсіндірілді.

1 сынын оқушыларынан Керн-Йирасек әдістемесі алынып,қорытындысы шығарылды.

**Сауалнама тақырыбы:** «Балаға зорлық-зомбылық жасалғанын анықтау»

**Сауалнама мақсаты:**

- Баланың зорлық-зомбылық туралы қандай түсінігі бар?
- Бала зорлық-зомбылық көргенде,қай жерге? Кімге? жүгіне алады
- Бала зорлық-зомбылық кезінде қандай жүріс-тұрысты дұрыс деп санайды?

Осы мақсаты білу мақсатында оқушылар арасында зорлық-зомбылықты болдырмаудың алдын алу.  
Зорлық –зоммбылық тақырыбы төңірегінде оқушыларға ақпарат бере отырып, бұл жағдайда оқушыларымыздың бар жоғын анықтау.

Қатысқан оқушылар саны:- 20 оқушы

Өткізілген уақыты: 06-08.10.2021 ж

Контингент: 10-11 сыныптар



**Қолданылған әдістеме:** Арнайы дайындалған сауалнамалар

**Қорытынды:** Оқушылар сауалнамаға белсене әрі шынай жауапын берді.Сауалнама нәтижесінде оқушылар зорлық-зомбылыққа тап болған кезде қайда? Кімге? жүгіне алатындары,ата-ана оқушылар т.б тараптан зорлық-зомбылыққа түспегендіктері анықталды.Сауалнама нәтижесінде

10-11 сынып бойынша оқушылар арасында өз құқықтарын білетіндігі, зорлық-зомбылыққа тап келген оқушылар жоқ деген баға берілді.

**Сауалнаманың мақсаты:** Қыздардың жыныстық қарым-қатынас туралы қаншалықты білімдері барын тексеру. Ерте жүктіліктің алдын алу.

**Қатысқан оқушылар саны:** - 30 қыз бала

**Өткізілген уақыты:** 30.10.2021 ж

**Сауалнама тақырыбы:** «Ерте жүктіліктің қауіпі қандай?»

**Қолданылған әдістеме:** Арнайы дайындалған сауалнамалар

**Сауалнама:** 9-11 сынып қыздарына арналған.

**Қорытынды:** Сауалнамаға 9-11 сынып қыздары қатысты. Сен ата-анаңмен жыныстық жетілу және жыныстық қатынас туралы сөйлестіңіз бе?

Сауалнамаға қатысқандардың 83,3 % жоқ ,10% өз жауабын белгілесе,қалғаны я деп белгілеген. Жасөспірім қыздарды жыныстық қатынасқа ерте түсуге не итермелейді? – деген сұраққа. 2 қыз мода, 18 қыз күштеп мәжбүрлеу, 3 қыз өзін тәуелсіз сезіну үшін,13 қыз тыйым салғанына қарамастан,1 қыз құрбыларының ықпалымен, 22 қыз жас өспірімдік ғашықтық сезім деп белгілеген. Ерте жүктілік туралы білесің бе деген сауалға. 53,3% қыз ия десе,16,7% қыз жоқ деп жауап берген, 30% қыз білмеймен деген жауапты тандаған. Қай жас аралығы ерте жүктілікке жағалады? – 86,7% қыз 14-16 жасты белгілеген.Қалған пайызды 17-18,19-20 жасты тандаған. Ерте жүктілік қауіптіме? – 60% қыздар ия,40% қыздар білмеймін деп белгілеген. Ерте жүктіліктен қалай сақтануға болатынын білесің бе? – 10% қыздар ия, 36,7% қыздар жоқ, 53,3 %қыздар білмеймін деп жауап берген. . Жүктілік кезінде болатын белгілерді білесің бе?- 16,7% ия,53,3%жоқ, 30% білмеймін деп жауап берді. Ерте жүктіліктің негізгі проблемасы бұл жыныстық тәрбие туралы білімнің жеткіліксіз болуынан деп есептейсің бе?- 30%иә,26,7% жоқ, 43,3% білмеймін деп жауап берді. Жыныстық қатынас арқылы берілетін қандай жұқпалы ауруларды білесің?- деген сұраққа спид,білмеймін деген жауаптар көп болды. Қорытындысы шығарылғаннан кейін,қыздарға ерте жүктіліктің қауіптері,зияндары,ерте жүктілік қай жас аралыған қамтйтыынын т.б ақпараттар берілді.

**Сауалнаманың мақсаты:** Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу.

**Қатысқан оқушылар саны:** - 58

Өткізілген уақыты: 22.09.2021 ж

Сауалнама тақырыбы: «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу».

Қолданылған әдістеме: Арнайы дайындалған сауалнамалар

Сауалнама: 8-10 сынып оқушыларына арналған.

Қорытынды: Сауалнамаға 8-10 сынып оқушылары қатысты. 8 сыныптан 22 оқушы,

9 сыныптан 23 оқушы, 10 сыныптан 13 оқушы қатысты.

Мектепте саған күш көрсететін адамдар бар ма? Екі оқушы Иә, 56 оқушы жоқ деп жауап берді.

Егер «иә» болса, кімдер? - деген сұраққа 29 оқушы сыныптастар, 17 оқушы басқа сыныптар, 12 оқушы үлкен сыныптар деп жауап берген.

Үлкендерге бұл жайында айттыңыз ба? 47 оқушы жоқ десе, 11 оқушы иә деп жауап берді.

Мектептерінде ақша жинау, күш көрсету бар ма? 54 оқушы жоқ деп, 2 оқушы иә деп жауап берді.

Мектептерінде құрылған топ бар ма? 57 оқушы жоқ десе, 1 оқушы иә деп жауап берген.

Егер «иә» болса олардың аты? 58 оқушыда ешкім деп жауап берген.

Қорытындысы шығарылғаннан кейін, үлкен сынып оқушыларына құқық бұзушылық, әлімжеттік дұрыс нәрсе емес екені түсіндіріліп айтылды. Құқық бұзушылық және әлімжеттіктің соңы қандай қиын жағдайларға анарып соғатыны туралы ақпараттар берілді. Үлкендерден немесе басқа оқушылардан қысымдар көрсетіліп жатса, психологқа, ата-анасына, сынып жетекшісіне, үлкендерге айтқан дұрыс болатыны айтылды.

4<sup>ә</sup> сынып, оқушыларынан «есте сақтау қабілетін анықтау» әдістемесі алынып, қорытындысы шығарылды.

Барлығы: 18

Қатысқаны : 14

Қатыспағаны : 4

Мақсаты: орта буынға көшетін бастауыш түлектерінің лайындық деңгейлерін анықтауда маңызды белгілерін диагностикалау. Оқушының жылдам қабылдай алуы мен байқағыштығын дамыту. Үлгерімі төмен, есте сақтауы нашар оқушыларды анықтау.

**Әдістеме 1 тапсырмадан тұрады:**

**Нұсқау:** Мен сіздерге 10 сөз оқимын,сіздер сол сөздерді есте сақтап жазып шығу керексіздер.

**5 оқушы жоғары есте сақтау нәтижесін көрсетті олар: Б.Сағыныш,Қ.Диана,Т.Ақселеу,Ә.Жанснет,Ж. Ақниет 7 оқушы**

қалыпты есте сақтауды көрсетті. 1 оқушы төмен нәтиже көрсетті.

**Нәтижені бағалау: 4 а**

сынып оқушыларының қабылдауы мен байқағыштығы қалыпты екені анықталды.Төмен нәтиже көрсеткен оқушымен

жекелей жұмыстар жүргізу жоспарлануда.Сынып жетекшілеріне есте сақтауды арттыруға арналған әдіс-тәсілдер берілді.

**5 а сынып, оқушыларынан «аутсайдер» жаттығуы алынып,қорытындысы шығарылды**

**Барлығы:27**

**Қатысқаны :25**

**Қатыспағаны : 2**

**Мақсаты:** балалар топтың тарапынан болатын агрессияға дұрыс жауап беруді үйренеді.

**Нәтижені бағалау: 5 сынып оқушылары агрессияға қалай жауап беру керетін үйренді.Тез ашулану арқылы,дұрыс емес шешім қабылдайтынның түсінді.**

**11ә сынып , оқушыларына «суретті жалғастыр және қасында отырғанға бер» әдіс өткізіліп қорытындысы шығарылды.**

**Қатысқан оқушылар саны:- 8 оқушы**

**Өткізілген уақыты: 10.11.2021ж**

**Контингент: 11-сыныптар**

**Мақсаты:** психофизикалық қысымнан арылу,топты белсендіру.

**Талдау:** Сурет сіздерге ұнады ма? Өз сезімдеріңізді,көңіл-күйіңді бөлісуге дайынсың ба? Саған басқа адамның салған суретінің тақырыбын қолдау қиын болды ма?

**Қорытынды:** Оқушылардың көбісіне басқа оқушының салған суретін жалғастыру қиынға түспеді,басқа оқушылардың жалғастырған суреттері көңілдерінен шықты.

**6 а, ә сынып, оқушыларынан «шәпалактар» әдістемесі алынып,қорытындысы шығарылды**

**Барлығы: 36**



Қатысқаны :32

Қатыспағаны : 4

Мақсаты: Оқушылардың байқағыштығын,зейінің дамыту.

Әдістеме 1 тапсырмадан тұрады:

Қорытынды: Оқушылар ойынға белсене қатысты,жеңіске жеткен оқушыларға кішігірім сыйлықтар берілді.

Ұсыныс: Оқушыларға байқағыштыққа,жылдамдыққа арналған тапсырмалармен көп жұмыс жасау ұсынылды.

7 сынып оқушыларына өмірде кездесетін кедергілердің алдын алу мақсатында психологиялық кеңестер берілді.

Оқушыларға арнайы дайындалған «Кедергілерді бірге жояйық » тақырыбында баяндама оқылды. Баяндаманы талқылау барысында әр оқушы кедергілерден қалай құтыламыз деген сауалды талдай отырып, өз ойларын ортаға салды. Оқушыларға қосымша «Мақсатқа жетудің 10 құпиясы» түсіндірілді.

Сонымен қатар 2021-2022 оқу жылының 2-ші жартыжылдықта мектеп психологі Қыдырбай Біржан бастауыш сынып оқушыларымен төмендегідей жұмыстар атқарды.

1 ә сынып, оқушыларынан «не жетпейді?» әдістемесі алынып,қорытындысы шығарылды

Барлығы: 19

Қатысқаны :15

Қатыспағаны : 4

Мақсаты: Баланың қабылдау ерекшелігін анықтау..

Әдістеме 1 тапсырмадан тұрады:

Нұсқау: Балаға суреттер жинағы беріледі.Әр суретте қандайда бір мәнді бөлшек жетіспейді.Балаға жылдам жетіспей тұрған бөлшекті тауып атауға тапсырма беріледі.

Нәтижесінде:

2 оқушы 10 ұлай

5 оқушы 9 ұлай

3 оқушы 7 ұлай

2 оқушы 5 ұпай

3 оқушы 1 ұпай

Сынып жетекшісіне, оқушыларға танымдық тапсырмалар көбірек беруі ұсынылды.

1 а сынып, оқушыларынан «не жетпейді?» әдістемесі алынып, қорытындысы шығарылды

Барлығы: 20

Қатысқаны : 18

Қатыспағаны : 2

Мақсаты: Баланың қабылдау ерекшелігін анықтау..

Әдістеме 1 тапсырмадан тұрады:

Нұсқау: Балаға суреттер жинағы беріледі. Әр суретте қандайда бір мәнді бөлшек жетіспейді. Балаға жылдам жетіспей тұрған бөлшекті тауып атауға тапсырма беріледі.

Нәтижесінде:

2 оқушы 10 ұпай

2 оқушы 9 ұпай

5 оқушы 7 ұпай

1 оқушы 5 ұпай

2 оқушы 3 ұпай

6 оқушы 1 ұпай жинады

Көп уақыт жоғалтқан оқушылар анықталып, сынып жетекшісіне ескертілді.. Сынып жетекшісіне, оқушыларға танымдық тапсырмалар көбірек беруі ұсынылды.

4 а, ә сынып, оқушыларынан «топтастыру» әдістемесі алынып, қорытындысы шығарылды

Барлығы: 36

Қатысқаны: 31

Қатыспағаны: 5

**Мақсаты:** Логикалық ойлау амалдарын дамыту.

**Нұсқау:** сіздерге төрт сөз берілген. Олардың үшеуі бір жалпы қасиетімен жинақталған да біреуі артық. Сіздер осы артық сөзді тауып, астын сызып белгілеңіздер.

**Қорытынды:** 8 оқушы жоғары

21 оқушы орташа

2 оқушы төмен нәтиже көрсетті.

**Ұсыныс:** Сынып жетекшісіне оқушыларымен ары қарай тапсырмалар беріп, әріптермен, логикамен жұмыс жасау ұсынылды. Төмен нәтиже көрсеткен оқушылармен логикалық ойлауды дамытуға арналған жұмыстар жүргізілсін.

2 ә сынып, оқушыларынан « табакша» әдістемесі алынып, қорытындысы шығарылды

**Барлығы:** 19

**Қатысқаны:** 16

**Қатыспағаны:** 3

**Мақсаты:** Оқушылардың шығармашылық қиялын дамыту.

**Нұсқау:** Мына әлемі табакшаның ішінде не болғанын қалар едің? Суретін сал.

**Қорытынды:** 2 «ә» сынып оқушыларының қиялдары дамығандықтары анықталды.

**Ұсыныс:** 2 ә сынып оқшыларына шығармашылық қиялды дамытуға тапсырмалар берілсін.

2 а сынып, оқушыларынан « табакша» әдістемесі алынып, қорытындысы шығарылды

**Барлығы:** 19

**Қатысқаны:** 18

**Қатыспағаны:** 1

**Мақсаты:** Оқушылардың шығармашылық қиялын дамыту.

**Нұсқау:** Мына әлемі табакшаның ішінде не болғанын қалар едің? Суретін сал.

**Қорытынды:** 2 «а» сынып оқушыларының бір оқушыдан басқаларының шығармашылық қиялдары дамығандығы анықталды.

**Ұсыныс: 2 а сынып оқушыларына шығармашылық қиялды дамытуға тапсырмалар берілсін, төмен нәтиже көрсеткен оқушыға жеке тапсырмалар берілсін**

4 ә сынып оқушыларынан «Суретті аяқта» әдістемесі алынып, қорытындысы шығарылды

Барлығы: 18

Қатысқаны: 14

Қатыспағаны: 4

**Мақсаты:** Оқушылардың қиялын дамыту.

**Нұсқау:** «Суретті аяқта, фигураларды бейнеге айналдыр.

**Қорытынды:** 4 ә сынып оқушыларының қиялы жақсы дамығандығы анықталды.

**Ұсыныс:** оқушыларға қиялды дамытуға арналған жаттығулар, ертегілер көп оқуға ұсыныс беру.

4 а сынып оқушыларынан «Суретті аяқта» әдістемесі алынып, қорытындысы шығарылды

Барлығы: 18

Қатысқаны: 14

Қатыспағаны: 4

**Мақсаты:** Оқушылардың қиялын дамыту.

**Нұсқау:** «Суретті аяқта, фигураларды бейнеге айналдыр.

**Қорытынды:** 4 а сынып оқушыларының қиялының дамуы қалыпты екені анықталды.

**Ұсыныс:** нәтижелері көңіл көншітейтін оқушыларға қиялды дамытуға арналған тапсырмалар беру.

**3 ә сынып, оқушыларынан « немен қоректенеді» әдістемесі алынып, қорытындысы шығарылды**

Барлығы: 20

Қатысқаны: 19

Қатыспағаны: 1

**Мақсаты:** Логикалық ойлауды дамыту.

**Нұсқау:** Екінші бағанаға мағынасы сәйкес келетін сөздерді таңдап жаз.

**Қорытынды:** 3 «э» сынып оқушыларының 11 оқушының логикалық ойлауы жақсы, 8 оқушы орташа нәтиже көрсетті.

**Ұсыныс:** орташа нәтиже көрсеткен оқушылардың логикасын дамытуға арналған тапсырмалар берілсін.

**3 а сынып, оқушыларынан « немен қоректенеді» әдістемесі алынып, қорытындысы шығарылды**

**Барлығы:** 20

**Қатысқаны:** 19

**Қатыспағаны:** 1

**Мақсаты:** Логикалық ойлауды дамыту.

**Нұсқау:** Екінші бағанаға мағынасы сәйкес келетін сөздерді таңдап жаз.

**Қорытынды:** 3 «а» сынып оқушыларының логикалық ойлауы жақсы, тек бір оқушы орташа нәтиже көрсетті.

**Ұсыныс:** орташа нәтиже көрсеткен оқушыға логикасын дамытуға арналған тапсырмалар берілсін

**1ә сынып, оқушыларынан «не артық» әдістемесі алынып, қорытындысы шығарылды**

**Барлығы:** 19

**Қатысқаны:** 15

**Қатыспағаны:** 4

**Мақсаты:** Баланың бейнелік логикалық ойлауын, талдау мен жалпылау амалдарының орындау үрдісін зерттеу.

**Нұсқау:** «Суретте бейнеленген 4 заттың біреуі артық. Суретке мұқият қараңдар, ондағы заттардың ішінде қайсысы артық және неге екендігін түсіндіріңдер

**Қорытынды:** 2 оқушы 10 ұлай, өте жоғары

8 оқушы 9 ұлай, жоғары

3 оқушы 8 ұлай, жоғары

1 оқушы 7 ұлай, орташа

1 оқушы 2 ұлай, төмен



**Ұсыныс:** Сынып жетекшісіне оқушыларымен ары қарай тапсырмалар беріп, әріптермен, логикамен жұмыс жасау ұсынылды. Төмен нәтиже көрсеткен оқушымен ойлау процесін дамытуға арналған жұмыстар жүргізілсін.

**1 а сынып, оқушыларынан «не артық» әдістемесі алынып, қорытындысы шығарылды**

Барлығы: 20

Қатысқаны: 18

Қатыспағаны: 2

**Мақсаты:** Баланың бейнелік логикалық ойлауын, талдау мен жалпылау амалдарының орындау үрдісін зерттеу.

**Нұсқау:** «Суретте бейнеленген 4 заттың біреуі артық. Суретке мұқият қараңдар, ондағы заттардың ішінде қайсысы артық және неге екендігін түсіндіріңдер

**Қорытынды:** 6 оқушы 10 ұлай, өте жоғары

6 оқушы 9 ұлай, жоғары

4 оқушы 8 ұлай, жоғары

2 оқушы 2 ұлай, төмен

**Ұсыныс:** Сынып жетекшісіне оқушыларымен ары қарай тапсырмалар беріп, әріптермен, логикамен жұмыс жасау ұсынылды. Төмен нәтиже көрсеткен оқушымен ойлау процесін дамытуға арналған жұмыстар жүргізілсін.

**2 а сынып, оқушыларынан «мен не білемін» әдістемесі алынып, қорытындысы шығарылды**

Барлығы: 18

Қатысқаны: 17

Қатыспағаны: 1

**Мақсаты:** Баланың сөздердің мағынасын түсінетіндігін, логикалық ойлауының көрініс бергендігін және тіл байлығын анықтау

**Қорытынды:** 2 а сынып оқушыларының тіл байлығы, логикалық ойлауы, балалар сөздердің мағынасын түсінетіндігі анықталды.

**Ұсыныс:** оқушылармен танымдық, логикалық тапсырмалар көбірек жүргізілсін, төмен нәтиже көрсеткен екі оқушыларға арнайы тапсырмалар берілсін.

**4 а, а сынып, оқушыларынан «жалпылау» әдістемесі алынып, қорытындысы шығарылды**

Барлығы: 36

Қатысқаны: 29

Қатыспағаны: 6

**Мақсаты:** Логикалық ойлау амалдарын дамыту.

**Нұсқау:** сіздерге екі сөз беріледі, арасындағы жалпылама қасиетін анықтау қажет.

**Қорытынды:** 24 оқушы жоғары

4 оқушы орташа

1 оқушы төмен нәтиже көрсетті.

**Ұсыныс:** Сынып жетекшісіне оқушыларымен ары қарай тапсырмалар беріп, әріптермен, логикамен жұмыс жасау ұсынылды. Төмен нәтиже көрсеткен оқушымен логикалық ойлауды дамытуға арналған жұмыстар жүргізілсін.

**2-ә сынып, оқушыларынан «жүп сөздер» әдістемесі алынып, қорытындысы шығарылды**

Барлығы: 19

Қатысқаны: 16

Қатыспағаны: 3

**Мақсаты:** Есте сақтау қабілетін дамыту.

**Нұсқау:** Жүп сөздің біріншісін мен оқимын, сендер екінші сөзін жазыңдар.

**Қорытынды:** 7 оқушының есте сақтауы жоғары

7 оқушының есте сақтауы орташа

2 оқушының есте сақтау төмен нәтиже көрсетті.

**Ұсыныс:** Төмен нәтиже көрсеткен оқушыларға жекелей тапсырмалар берілсін.

**2-ә сынып оқушыларынан «жүп сөздер» әдістемесі алынып, қорытындысы шығарылды**

Барлығы: 19

Қатысқаны: 18

Қатыспағаны: 1

Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту.

Нұсқау: Жұп сөздің біріншісін мен оқимын, сендер екінші сөзін жазыңдар.

Қорытынды: 4 оқушының есте сақтауы жоғары

13 оқушының есте сақтауы орташа

1 оқушының есте сақтауы төмен нәтиже көрсетті.

Ұсыныс: Төмен нәтиже көрсеткен оқушыға жекелей тапсырмалар берілсін.

*3<sup>а</sup> сынып, оқушыларынан «Бурдон» тесті алынып, қорытындысы шығарылды.*

Барлығы: 20

Қатысқаны : 19

Қатыспағаны : 1

Мақсаты: Зейіннің қалыптасу деңгейін бағалау.

Әдістеме 1 тапсырмадан тұрады:

Нұсқау:

*5 минут ішінде осы кестедегі әріптерді қатар бойынша оқып, «С,Қ,Ә» әріптерін сызып таста.*

Нәтижені бағалау:

9 оқушы жоғары нәтиже

8 оқушы орташа нәтиже

2 оқушы төмен нәтиже көрсетті.

*Қорытынды: 3 а сынып оқушыларында зейіннің қалыптасу деңгейі қалыпты екені анықталды, ал төмен нәтиже көрсеткен оқушылармен зейінді арттыруға тапсырмалар берілсін..*

*3<sup>а</sup> сынып, оқушыларынан «Айырмашылығын тап» әдістемесі алынып, қорытындысы шығарылды*

Барлығы: 20

Қатысқаны :18

Қатыспағаны : 2

**Мақсаты:** Балалардың қабылдау ерекшеліктерін дамыту.

**Нұсқау:** «оқушылар сіздер 2 мин ішінде екі суретті қарап шығып айырмашылықтарды табуларыңыз керек.

**Қорытынды:** 3 а сыныбы бойынша 8 оқушы жоғары, 6 оқушы орташа, 4 оқушының қабылдау деңгейі төмен екенін көрсетті.

**Ұсыныс:** Төмен нәтиже көрсеткен оқушылармен, қабылдауын арттыруға арналған тапсырмалар беру.

2021 – 2022 оқу жылында педагог-психолог Жолдыбай Алтынай 5 – 11 жоғары сынып оқушыларымен 2 –ші жартыжылдықта төмендегідей жұмыстар атқарды.

**Нәтижесінде:**

«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі бойынша 2022 жылдың 17-21 қаңтар аралығында 7-11 сыныптар бойынша жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы апталық өтті.

**Нәтижесінде:** Салауатты өмір сүрудің бір негізгі күрделі мәселесі - жаман қылықтарын, яғни зорлық-зомбылықтан аулақ болу. Ішімдікке үйір адам есінен айырылып, қасындағы адамдарға зиянын тигізеді, отбасына ойран салады, отбасы мүшелеріне оғаш қылықтар көрсетіп мазасын алады. Бұл баланың психологиясына кері әсерін тигізеді. Бала өзіне керекті рухани дүниенің барлығын қоршадан алады.

Зорлық-зомбылық тәрбиесіздіктен де туындайды. «Тәрбиесіздік – ол адамзаттың қас жауы, тәрбиесіз берілген білім келешекте адам өміріне апат әкеледі» деген болатын ұлы бабамыз Әбунасыр әл-Фараби.

Зорлық-зомбылықтың баланың мінез-құлқына әсер ету ерекшеліктері бар. ата-анасы және басқа да заңды өкілдері ата-аналық құқықтарын жүзеге асырған кезде баланың дене және психикалық денсаулығына, оның имандылық дамуына зиян келтіруге құқылы емес. баланы тәрбиелеу тәсілдерінде баланың адамдық кадр-қасиетіне менсінбей қарау, дөрекі қарау, оны қорлау немесе қанау болмауы тиіс. Балалар құқығын қорғау егемен еліміздің басты құқықтарының бірі. Сол үшін өскелең ұрпақтың дұрыс тәрбие алып, қоғамдағы құқықтарының сақталу жолында аянбай еңбек етуі керек. Балалардың өмір сапасын жақсарту – ертеңгі болашақтың кепілі. Сондықтан да балалардың құқықтарын қорғау мәселесі қашан да өзекті болып қала бермек.

Біздің мектебімізде 17-21 қаңтар аралығында 7-11 сынып оқушыларымен зорлық –зомбылықтың алдын алу мақсатында мектеп психологы А.Жолдыбай мен Б.Қыдырбай төмендегідей жұмыстар атқарды.

17 қаңтар күні 7-11 сынып оқушыларынан «зорлық-зомбылық жасалғанын анықтау» мақсатында сауалнама алынып, нәтижесі шығарылды.

Қатысқан оқушылар саны:- 55 оқушы

**Сауалнама мақсаты:**

- Оқушыларға зорлық-зомбылық жасалғанын анықтау.

Осы мақсаты білу мақсатында оқушылар арасында зорлық-зомбылықты болдырмаудың алдын алу.

**Қорытынды:** Оқушылар сауалнамаға белсене әрі шынай жауаптарын берді. Оқушыларда зорлық-зомбылықтың жоқ екені анықталды.

Ұсыныс: Мұғалімдерге оқушылармен жақсы қарым-қатынас жасау ұсынылады.

18 – қаңтар күні 7-8 сынып оқушыларына «Зорлық-зомбылық дегеніміз не?» тақырыбында баяндама оқылып, психолог А.Жолдыбай тарапынан ақыл – кеңестер берілді.

19 – қаңтар күні 9-11 сынып оқушыларына «Зорлық – зомбылық қа жол жоқ» тақырыбында бейнежазба көрсетіліп, Б.Қыдырбай зорлық-зомбылықтың алдын-алу туралы әңгіме өткізді. Психолог тарапынан ақыл-кеңестер берілді.

21 – қаңтар күні «Зорлық-зомбылықтың баланың жан дүниесіне тигізер әсері» тақырыбында 7-11 сынып оқушыларының ата-аналарына слайд жіберілді. Зорлық-зомбылықпен табысты күресу үшін бірінші кезекте осы

мәселеге қоғамның көзқарасын өзгерту керек. Балаларға қамқорлық жасау, баланың абыройы мен құқықтарын құрметтеу – бұл тек мемлекеттің ғана емес, сонымен қатар жекеленген әрбір адамның міндеті....

**2022 жылдың 24 қаңтар күні 11<sup>а</sup> сынып оқушыларынан «Емтихандағы өз-өзіне сенімділік» жаттығуы жүргізілді.**

**Барлығы: 7**

**Қатысқаны: 5**

**Қатыспағаны: 2**

**Жаттығу мақсаты:** Өз-өзіне сенімділікті жоғарылату мен өз күшіне сенуді үйрету.

**Нәтижесінде:** Қорытынды аттестаттауға қатысушы түлектер емтихан алдындағы қобалжуды басып, өз-өзіне деген сенімділіктерін күшейте, нығайта түсті. Енді алдағы уақытта тест тапсыру барысында олар өзіне сенімді болу арқыла ғана емтиханды ойдағыдай орындап шығу керек екендігін білді.

**2022жылдың 01-ақпан айында 9<sup>а</sup> сынып оқушыларымен «Соқыр би!» ойын- жаттығуы өткізілді.**

**Ойын-жаттығу мақсаты:** Бір-біріне сенім нығайту, бұлшық етке түскен артық салмақты жою.Балалардың көңіл-күйлерін көтеру.Эмтиханға дайындық.

**Керекті сұралар:** Көз байлауыш және келдергі жасауға арналған заттар.

**Нұсқау:** «Екеуден бөлініп, біреуіміз көзіне байлағыш алады,ол «соқыр» болады.Екіншісінің көзі көретін болады соқырды жүргізе алады. Оқушылар кезек-кезек ойынды жалғастырады.





**Нәтижесі:** Оқушылар ойын барысында көңіл-күйлері көтеріліп қалды. Жаттығу ойнай отырып оқушылар нұсқаудың қаншалықты қиын екенін түсінді. Оқушыларға сол сәтте нұсқаушы өздерінің әр сабақтан беретін ұстаздары екендерін айтып, оқушыларға ұстаздарын құрметтеуді, сыйлауды керек екендігін айтып психолог тарапынан ақыл-кеңестер берілді.

**2022 жылдың 02-ақпан айында 10 сынып оқушыларымен «Соқыр би!» ойын- жаттығуы өткізілді.**

**Ойын-жаттығу мақсаты:** Бір-біріне сенім нығайту, бұлшық етке түскен артық салмақты жою. Балалардың көңіл-күйлерін көтеру.

**Керекті құралдар:** Көз байлауыш және кедергі жасауға арналған заттар.

**Нұсқау:** «Екеуден бөлініп, біреуіңіз көзіне байлағыш алады, ол «соқыр» болады. Екіншісінің көзі көретін болады соқырды жүргізе алады. Оқушылар кезек-кезек ойынды жалғастырады.



**Нәтижесінде:** Оқушылар ойын барысында көңіл-күйлері көтеріліп қалды. Жаттығу ойнай отырып оқушылар нұсқау жасаудың қаншалықты қиын екенін түсінді. Оқушыларға сол сәтте нұсқаушы өздерінің әр сабақтан беретін ұстаздары екендерін айтып, оқушыларға ұстаздарын құрметтеуді, сыйлауды керек екендігін айтып психолог тарапынан ақыл-кеңестер берілді.

**2022жылдың 03 -ақпан айында 11 сынып оқушыларымен «Соқыр би!» ойын- жаттығуы өткізілді.**

**Ойын-жаттығу мақсаты:** Бір-біріне сенім нығайту, бұлшық етке түскен артық салмақты жою. Балалардың көңіл-күйлерін көтеру. ҰБТ дайындық барысындағы оқушыларға қолдау көрсету.

**Керекті құралдар:** Көз байлауыш және кедергі жасауға арналған заттар.

**Нұсқау:** «Ексуден бөлініп, біреуіңіз көзіне байлағыш алады, ол «соқыр» болады. Екіншісінің көзі көретін болады соқырды жүргізе алады. Оқушылар кезек-кезек ойынды жалғастырады.

**Нәтижесінде:** Оқушылар ойын барысында көңіл-күйлері көтеріліп қалды. Жаттығу ойнай отырып оқушылар нұсқау жасаудың қаншалықты қиын екенін түсінді. Оқушыларға сол сәтте нұсқаушы өздерінің әр сабақтан беретін ұстаздары екенін түсіндіріп, алдағы тұрған ҰБТ ті ұстаздарымен біріге дайындала отырып, оларға сәттілік тілей отырып, психологиялық көмек көрсетілді. 2021-2022 оқу жылында Психолог Жолдыбай Алтынай мен Қыдырбай Біржан педагогикалық ұжыммен күн тәртібіне байланысты сабақтарына қатысып отырды.

**2022 жылдың 01.02 - 07.02 ақпан аралығындағы «Ерте жүктіліктің алдын-алу шаралары бойынша апталық жұмыс жүргізілді.**  
**Қатысқаны:** 7 - 11 сынып қыздары

**Мақсаты:** Жаңа әлеуметтік даму жағдайындағы оқушыларға тәрбие берудің жүйесін айқындай отырып, белсенді, шығармашылық іс-әрекеттерге дайын жоғары деңгейдегі мәдениетті және адамгершілігі мол тұлға қалыптастыру. Ерте жүктіліктің алдын-алу. Ақпан айында мектепшілік қыздар жиналысы өткізілді.

1. Мектеп психологы А.Т.Жолдыбай 7– 11 сынып қыздарымен «Сәлемдесу» жаттығуын жүргізіп, қыздардың көңіл-күйін көтерілді.
2. ДТЖО Э.Балабай оқушыларға мектеп формасы, мектеп тәртібі және түнгі жүріс, қыздардың тазалығы туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп өтті.
3. Педагог ұйымдастырушы А.Жұмали оқушыларға «Қызым үйде-қылығы түзде» атты баяндама оқылып, пікір-талас жүргізілді.
4. Мектеп психологы А.Жолдыбай «Ерте жүктілік дегеніміз не?» тақырыбында видео-слайд көрсетіп, қыздармен әңгіме-сұхбат жүргізілді.



Сонымен қатар қантар айында Балқаш ауданы, Білім бөлімінен әдіскерлер келіп, «Ерте жүктіліктің алдын-алу» мақсатында қыздар жиналысын өткізді.



Жастар ісі жөніндегі маман Рахыбай Гүлнұр қыздарға баяндама оқып, түсіндірме жұмысын жүргізді.

Аудандық орталық аурухана маманы Әскерқалиқызы Аружан 9,10,11 сынып қыздарынан сауалнама алып, нәтижесі арқылы қыздарға түсіндірме жұмысын жүргізіп, қыздардың жеке сұрақтарына жауап беріп, ақыл-кеңестерін айтты.

**Нәтижесінде:** Қыздар арасында сауалнама барысында жыныстық қатынас туралы білмитіндіктері анықталды. Оларға қыздардың гигиеналары туралы айтылып, психологиялық алдын-алу жұмыстары жүргізілді. 7-11 сынып қыздары жиналыс барысында өздерінің жеке-кей сұрақтарын қойып, жауаптарымен қанағаттандырылды.

**2022 жылдың 08 ақпан айында 6<sup>АӘ</sup> сынып оқушыларымен «Дос болып жүрейіші» тренинг - жаттығуы өткізілді.**

**Тренинг жаттығу мақсаты:** Ұйымшылдыққа, достыққа үйрету, жақсы достықтың беріктігін үйрету.

**Нәтиже:** Достықты бағалай білетін болады. Өзара ұйымшылдыққа үйренеді.

## **1-жаптығу. «Сөйлейтін алақандар»**

**Нәтижесінде:** Оқушылар ауыз бен емес қолмен сөйлеп, пікір таластыру, ұрысу, достасу қаншалықты қиына соққанын айтып берді. Оларға татуласу оңайға соғып ал, ұрысу ыңғайсыздық тудырғандарын айтты.

**Жаптығу «Мәке Жәке Қоқиев»** 10 мин.

**Мақсаты:** Көңіл-күйді көтеру.



**Нәтижесінде:** Оқушылар жаптығу барысында көңіл-күйі көтеріліп, ынғамақтастықтары арта түсті. Оқушылардың көңіл-күйлері өте керемет.

**Қорытынды:** Оқушылар тренинг жаптығу барысында көңіл-күйлері көтеріліп қалды. Сыныпта шектелген оқушы жоқ. Олар сыныптастық, достық сезімдер нығая түсті. Оқушылар ойын барысында бір-бірілеріне достық пейілдерін білдірді.

**Ұсыныс:** Ата-аналары, сынып жетекшілер оқушыларға достық, сыныптастық ұғымдарын күн сайын түсіндіріп отыруы қажет.

**«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Жыныстық қатынас арқылы жұғатын ауру түрлері», «Жеке гигиена» тақырыптары бойынша мектеп оқушыларымен сынып сағаты өткізілді.**

14.02.22 күні 10 «а» сынып білім алушыларымен «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Жыныстық қатынас арқылы жұғатын ауру түрлері», «Жеке гигиена», «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыптары бойынша сынып сағаты өтілді. Оқушылармен бірге мектеп медбикесі Елубаева Асель және мектеп психологы Жолдыбаева Алтынайдың қатысуымен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сынып жетекшісі Жортинбаева Ф. «Жыныстық қатынас арқылы жұғатын ауру түрлері», ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыптары бойынша, тері аурулары, венерологиялық ауру түрлері, оның ішінде: сифилис, гонорея, ЖИТС, хламидиоз т.б. алғашқы белгілері мен

одан сақтану жолдары туралы айтылып, презентация арқылы көрсетілді.

«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында мектеп психологы Жолдыбай А. оқушылармен сұхбат жүргізді. Зорлық-зомбылықтың түрлері айтылып, оқушылардан сұрақ жауаптар алынды. Сонымен қатар Жолдыбай А. «Жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың қатыгездіктің алдын алу туралы баяндама оқыды.



«Жеке гигиена» тақырыбында мектеп медбикесі Елубаева Асел жеке гигиена түрлері, жан тазалығымен тән тазалығы туралы ой пікірлермен алмасты. Оқушылар жеке гигиенаны сақтау жолдары туралы ойларымен бөлісе отырып, жеке гигиенасын сақтамау арқылы пайда болатын аурулар туралы да айта алды.

**Нәтижесінде:** Қорытынды кезеңде өтілген тақырыптар бойынша әр оқушы жеке жеке кері байланыс бере алды. Қазіргі таңдағы әлемдік мәселеге айналған тері аурулары мен жыныстық қатынас арқылы жұғатын вич, сифилис жұқтырған адам саны Қазақстан мемлекетінде де жылдан жылға көбейіп келе жатыр.

Өсіп келе жатқан өскелең ұрпаққа тәрбие мен білімді қатар жүргізу, еліміздің жарқын болашақ кепілі. Сол мақсатта білім алушыларға өткізілген тақырыптар бойынша да, алдағы уақытта патриоттық сезімдерін дамыта отырып, глобалды мәселелерге айналған тақырыптар туралы толықтырулар жүргізілуі тиіс.

**2022 жылдың 21 – 23 ақпан аралығында 9 -11 сынып оқушыларымен «Мен өмірді таңдаймын!» тренинг-жаттығу өткізілді.**

**Тренинг жаттығу мақсаты:** Оқушылардың өмірге қызығушылықтарын арттыру, өмірді мәнді де, сәнді өткізуге құштарлығын қалыптастыру. Өзіне деген бағасын арттыру, эмпатиясын дамыту.

«Танысу» жаттығуы»

**Жүргізіші:** Ең алдымен таныспас бұрын шеңбер бойына жиналып, қолымдағы допты оқушыға беріп есімдерін атапқыза отырып бойындағы үш жақсы қасиеттерін кезекпен айтады.

Оқушылар «Мен өміріме ризамын...», «Мен өмірді таңдаймын...», «Мен өмірге дауыс беремін...» сөйлемдерін жалғастырып өз ойларын ашық айтып, өмірге деген ризашылықтарын білдірді.

Оқушыларға «Мен өмірді таңдаймын!» тақырып аясында психолог тарапынан сұрақтар қойылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



**Нәтижесінде:** Оқушылар ортаға шығып, постерге өмірді таңдау барысында тілектерін жазып, қолтанбаларын қойды.



Оқушылардың өмірге деген жақсы көзқарастары қалыптасып, өмірде өз орындарының бар екендігін түсінді.

Әр адамның ережесі өз жүрек қалауымен жүру және батыл әрекет жасау. Сол сияқты иығынды тіктеп, жарқын көңілмен іштей табысқа жетуге талпынып, өміршеңдік ережелерін айтты:

Оқушылар тренингті қорытындылай келе осы өміршеңдік ережелерін хормен айтты.

**«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі бойынша педагогтармен «Алғыс айту-парызым» атты тренинг-жаттығуы өткізілді.**

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті:** Психологиялық тренинг жаттығуы.

**Тренинг жаттығудың мақсаты:** Алғыс айту туралы түсінік беру: үлкен-кішіге деген сүйіспеншілік, сыпайылық қарым-қатынасын дамыту, әдептілік, кішіпейілділік, ізгілікке тәрбиелеу. Педагогтар арасында қарым қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш қуат жинау, өзін-өзі тану, құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу.



Психолог ортаға майшам жақты. Ұстаздар сол майшам арқылы бір-біріне жылы сөздер айтып, майшамды келесі қатысушыға беріп отырды. Тренинг-жаттығу барысында болған қызықты жаттығулар үшін алғыс айтып, ұжыммен арақатынастары ары қарай ауызбіршілікпен, сыйласымдылықпен жалғасатындарын айтып, жарқын болашақ бар екендіктерін түсініп бір-біріне алғыс айтып тренингті аяқтады.

**2022 жылдың наурыз айының 2 – күні 11<sup>А</sup> сынып оқушыларымен «Психологиялық жүйкелік қозуды азайту» тренинг жаттығу жүргізілді.**

**Барлығы: 15**

**Қатысқаны: 10**

**Қағыспағаны: 5**

**Тренинг жаттығу мақсаты:** Оқушылардың бойындағы қорқыныш сезімдерін басу. Эмтиханға дайындалудың тиімді формаларымен таныстыру. Психологиялық тұрғыда қалай дайындалу керек екендігін түсіндіру.



**Нәтижесінде:** Оқушылар кинезиологиялық жаттығуларын жасай отырып танымдық қабілеттері арта түсіп, қимыл координациялары арта түсті. Оқушылар бір-бірлерінің қолдарынан ұстап, бір-бірлеріне жақсы көңілдерін, тілектерін білдіріп, сабақты аяқтады.

**Педагогтармен наурыз айының 01 – 04 күндері «Құпия дос» акциясы өткізілді.**


**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті:** Психологиялық акция.

**Құпия дос акциясының мақсаты:** Ұжым арасында бір-біріне қуаныш сыйлау, ұжымдық қарым-қатынасты нығайту.

**Қажетті құралдар:** Қағаз, қалам, ақ парақ ( жеребе) тастауға.

**Акция жоспары:**

Ұстаздарға арнайы жеребе жасалып, ұстаздар таңдаған жеребелері бойынша бір-біріне сыйлық жасайды.



**Қорытынды:** Ұстаздар 01-04 наурыз аралығында «Күпия досын» акциясы өтіп, Алғыс айту мақсатында бір-біріне қуаныш сыйлады. Ұстаздар күн сайын тосыннан келген сыйлыққа көңіл-күйлері көтеріліп қалды. Ұжым арасында достық сезімі, ұжымдық қарым-қатынастары нығайа түсіп, ауызбіршіліктері арта түсті.

2022 жылдың 09 наурыз күні 9<sup>А</sup> сынып оқушыларынан «Бейім» әдістемесі (Қызығушылықтар картасының модификациясы) сауалнамасы алынып, қорытындысы шығарылды.

**Барлығы:26**

**Қатысқаны:24**

**Қатыспағаны:2**

**Мақсаты:** Оқушылардың мамандық таңдау барысындағы бейімділігін анықтау.

**Нұсқау:** Сауалнама 50 сұрақтан тұрады. Сұрақтар әртүрлі іс-әрекет салаларына қатынасына байланысты құрылған.

**Нәтижесінде:** Оқушыларға қандай мамандық саласына бейім екендерін анықтап, қорытынды аттестаттауға қандай пән таңдау керек екендерін білді.

Саду Фариза	Әдебиет және тарих,өнер саясат
Кулиева Диана	География және геология
Исабек Теміртас	Спорт және әскери іс
Түгелбаева Аерке	Іскерлік және үй шаруашылығы

Вагнер Виктор	Спорт және әскери іс
Жақып Аяулым	Әдебиет және өнер
Исагул Дана	Педагогика және медицина
Азильхан Балнұр	Іскерлік және үй шаруашылығы
Сүлеймен Назгүл	Іскерлік және үй шаруашылығы
Ершман Диана	Химия және биология
Ерназ Шалкар	Педагогика және медицина
Зейнетуллақызы Үміт	Іскерлік және үй шаруашылығы
Тұрарбек Сүйінбай	Химия және биология
Қаласова Гүлдәурен	Тарих және саясат
Қожагул Данияр	Спорт және әскери іс
Аманжол Ертай	Электроника және радиотехника
Ерғали Дияс	Спорт және әскери іс
Қаласова Балдәурен	Іскерлік және үй шаруашылығы
Ерболат Мөлдір	Тарих және саясат
Ғабдол Нұрболат	Спорт және әскери іс
Ғазиз Олжас	Спорт және әскери іс
Нұрәулет Санжар	Спорт және әскери іс
Таңжайық Аяулым	Химия және биология
Түгелбаева Ақсер	Химия және биология

**Қорытындысы:** Оқушылар сауалнамаға жауап беріп, олардың интерпретациясы шығарылып, оқушыларға мамандық таңдауда бағыт-бағдар берілді.

**2022 жылдың 16 – наурыз күні 11<sup>А</sup> сынып оқушыларымен «Көңіл-күй неге ұқсас?» жағтығуы жүргізілді.**

**Барлығы: 15**

**Қатысқаны: 10**

**Қатыспағаны: 5**

**Мақсаты:** Оқушылардың көңіл-күйлерін көтеру.

Жаттығу барысында психолог оқушылардың көңіл-күйлерін сұраумен бастады. Оқушылардың эмоциясын бақылады. Қатысушылар бүгінгі көңіл-күйлері неге ұқсас екенін айтады. (Қай жыл мезгіліне, ауа-райына ). Көңіл-күй әр түрлі болады: жабыраңқы, түңілген, көңілді, көңілсіз. Психологиялық зерттеулердің көрсетуі бойынша адам өзінің суық көңіл-күйін қарым-қатынас жасайтын адамына тарағады екен. Егер адам ешкіммен сөйлескісі, азилдескісі, өз әсерімен бөліскісі келмегенде адам жанын жабыңқы көңіл-күйде жүру ортадағы адамға кері

әсер етеді, жалықтырады. Яғни көңіл-күйді ортаға сай басқару керек. Осы мақсатта оқушыларды біркелкі шаттық пенберіне тұрғызып, бір-бірінің арқасына көңіл-күйлеріне байланысты қандай ауа-райына ұқсас екенін айтып жанбыр болса себелегіп, бұршақ жауса саусақтарының ұшымен денеге тигізіп, нөсер соқса, тарсылдатып қимылдарын көрсетеді.

**Нәтижесінде:** Оқушылар бір-біріне жаттығу қимылдарын жасау арқылы көңіл-күйлері көтеріліп, бір-бірімен эмоцияларымен бөлісті. Жаттығуды басталмас бұрын кей оқушылардың көңіл-күйлері жабыраңқы болғанын айтса, жаттығудың соңында көңіл-күйлері көтерілгенін айтып кетті. Бір-біріне деген жағымды пікір қалыптасты.

**2022 жылдың 17 - 18 наурыз айында 5 - 8 сынып оқушыларымен «Өмір және оның мәні» тренинг жаттығуы өткізілді.**

**Тренинг жаттығу мақсаты:** жеткіншектердің өзін-өзі тануын қалыптастыру. Оқушыларды адамгершілікке, ізеттілікке, әдептілікке тәрбиелеу. Тренинг түрлері арқылы оқушының тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, оқиғадан шыға білу, өз ойын

**Нәтижесінде:** «Өмір және оның мәні» тренинг жаттығу барысында оқушылар «Танысу» жаттығуында бір-бірінің атын жақсы қасиеттерге тенеу айту арқылы бір-біріне деген жағымды пікір қалыптасты.

**Қорытынды:** Ойынның соңында қандай сезімде болдыңдар деген сұрақтар қойылды. Оқушылар ойларымен бөлісті. Әрқайсысы қорқыныш, сенімсіздік, сәтсіздік сезімдерін айтып, қазір жаттығу барысында қорқыныш сезімдерінен арылғандарын айтып, сенімділік сезімі қалыптасты. Психолог тарапынан оқушыларға өмірге жақсы көзқараспен қарап, сабақты жақсы оқуларын айтып, психологиялық көмек көрсетілді. Ақыл-кеңестер берілді.

Кәсіби бағдарлау бойынша 11 сынып оқушыларына психологиялық кеңестер беріліп отырады.

**2022 жылдың 05 – 20 сәуір аралығында 5 – 8 сынып оқушыларымен «Өзін тандаған өмір» атты тренинг - жаттығуы өткізілді.**

**Тренинг жаттығу мақсаты:** Жеткіншектердің өзін-өзі тануын, өмірге он көзқарасын қалыптастыру.

**Тренингтің негізгі тапсырмалары:**

Қатысушының жеке тұлғалық ерекшеліктері мен мінез-құлқын анықтау; оқушыларды шиеленіс жағдайдан шыға білуге үйрету; өзін-өзі іштей бақылауға және тежеуге үйрету; негативті импульсті шығару, жою. Керекті заттар: түрлі-түсті қарындаш, гуаш, әр қатысушыға А4 қағазы. Сабақ алдында қатысушыларға өз есімдерін жазуға бейдж таратылады.





**Нәтижесінде:** Оқушылар тренинг барысында өздерінің бойындағы қорқыныш, сенімсіздік, ашушандық сезімдерін жеңіп, өмірге деген құлшыныстары, қызығушылықтары арта түсті. Песихолог тарапынан көмек көрсетілді, ақыл-кеңестер берілді. Оқушылардың көңіл-күйлері өте тамаша болды.

**2022 жылдың 14 – сәуір айында 9<sup>А</sup> сынып оқушыларымен «Мамандық-өмір таңдауы!» семинар-тренинг өткізілді.**

**Барлығы: 26**

**Қатысқаны: 25**

**Қатыспағаны: 1**

**Мақсаты:** Мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру, өз-өзін тану аймағын кеңейту, мамандық әлемінен ақпараттар алу, кәсіргі заманның тапшы мамандықтарын көрсетіп сол бағытқа қарай бағыттау.

**Қорытынды:** Әбунасыр әл Фараби «.....адам кез-келген жұмысқа жарамды бола бермейді..... жұмысты неғұрлым жетік және жақсы атқарса білгір және шебер болып шығады. Қандай әрекет, қандай іс істесекте, содан рахат табу, соның рахатын көру біздің мақсатымыз болып табылады.

**Нәтижесінде:** Оқушылар әлемдегі мамандықтар жайлы хабардар болып, тренингке белсенділікпен қатысып отырды. Олар ойын ойнау барысында көңіл-күйлері көтеріліп қалды. Эмтиханға деген қорқыныш сезімдерін басып, алдағы ББЖМ-ға дайын скендерін айтып өтті. Әр оқушы өздерінің қандай мамандыққа баратыны жайлы психологпен әңгіме жүргізді.

2021-2022 оқу жылы Мамыр айында жыл бойындағы жұмыстардың қорытындылары шығарылып, жылдық талдау есебі жасалынды.

Қорытындылай келе 2021-2022 оқу жылында психолог тарапынан оқушылармен 5 бағытты жұмыстар жүргізілді. Мектеп аясында құқық-бұзушылық, зорлық-зомбылық, есепте тұрған оқушылар болған жоқ.

Педагог-психолог:

Б.Қыдырбай

А.Жолдыбай